


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

MINISTRY OF EDUCATION AND
SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



**Марат Барманқұлов және Гафу Қайырбеков
мәдени мұралары аясында**

**«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МАСС-МЕДИА НАРЫҒЫНДАҒЫ:
БІЛІМ – ҒЫЛЫМ – ӨНДІРІС ҮДЕРІСІ» атты**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

2015 жыл 27 ақпан

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

**«ИНТЕГРАЦИОННЫЙ ПРОЦЕСС НА КАЗАХСТАНСКОМ МЕДИАРЫНКЕ:
ОБРАЗОВАНИЕ – НАУКА – ПРОИЗВОДСТВО»**

**в рамках культурного наследия
Марата Барманкулова и Гафу Кайырбекова**

27 февраля 2015 года


DAIGEST

of International scientific and practical conference

**«INTEGRATION PROCESS IN MEDIA MARKET OF KAZAKSTAN:
EDUCATION, SCIENCE AND PRODUCTION»**

in the frame of M. Barmankulov`s and G. Kayirbekov`s cultural heritage

27 February 2015



Қыдыр. Ғафу ағай зұлмат жылдары елден кетіп, тағдырдың жазуымен Жамбыл облысының Талас ауданында тұрақ тапқан осы қарындасын қалай тапқаны жайлы «Үш қиян» атты кітабында ет-жүрегі елжірей жазады/6/. Бұл оқиға Жамбыл облысының «Ойық» кеңшарында орын алған. Осынау көңіл терберлік көрініс жөнінде оның куәгері, қазір Жамбыл облысының Жамбыл ауданының әкімі қызметінде жүрген Рүстем Дәулеттің өз аузынан естіген едім. Оның әкесі Рысбай Дәулетов кезінде осы «Ойық» кеңшарының директоры болған екен. Мерген батыр ұрпақтарының бүгінгі өмірінің бір үзік сыры, міне, осындай.

Әдебиеттер

1. el.kz/m/articles/view/content-3895
2. С.Шүкірұлы. «Атамды менің сұрасаң...». Алматы-2011. 37, 59, 225-226 бб.
3. «Аталар ізімен», Астана-2013.
4. azretsultan.kz/?p=3257
5. egemen.kz/2013/?p=7172
6. Ғ.Қайырбеков. «Үш қиян». Алматы – 1993.

С.Қозыбаев,

тарих ғылымдарының докторы, профессор

К.Қабылғазина,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Б.Айтбаева,

журналистика факультетінің магистранты

ҚАЗАҚСТАН МАСС-МЕДИА ИНФРАСТРУКТУРАСЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстан ақпараттық саясат саласын түбірімен жаңартуға және азаматтардың құқығы мен бостандағын қорғау заңнамасын қамтамасыз етуге көңіл бөле бастады. Бұл алдымен дамыған, қуаты мықты және тәуелсіз ақпарат құралдары демократиялық елдің басты белгілерінің бірі болып табылуында еді. Қазақстандық заңнамаға сүйенсек, елдегі түрлі заңдарға қарсы келмеген жағдайда, БАҚ жұмысына араласуға жол берілмейді, ал конституция цензураға қатаң тыйым салады.

Қазақстандағы ақпарат нарығының дамуын сипаттай отырып, оны төмендегідей кезеңдерге бөлуге болады:

Бірінші, кеңестен кейінгі мерзім. Бірде-бір тәуелсіз ақпарат құралы болмаған кездегі мемлекеттік монополияның БАҚ-та сақталуы (1992 жылға дейін).

Екінші, қалыптасу мен өсу кезеңі (1992-1996 жылдар). Мемлекет ақпарат айдынында сөзсіз басымдық жасаудан бас тартты, есесіне мемлекетке бағынбайтын (жеке, коммерциялық-корпоративтік т.б.) БАҚ жедел дамыды.

Үшінші кезең, либералды, медиа нарықтағы сапалық және сандық өзгерістермен сипатталады, бұрынғы мемлекеттік БАҚ-тың, полиграфиялық кәсіпорындардың жекешелендірілуі, мемлекеттік қаржыландыру мен бұқаралық ақпарат құралдарын демеушіліктен ақпараттық саясат жүргізу мақсатындағы мемлекеттік тапсырысқа көшті. Дамудың бұл кезеңі 1996-1997 жылдары басталды.

Бүгін Қазақстанның ақпарат нарығы тұрақты. БАҚ-қа экономикалық қолдау көрсету және отандық медианарықтағы бәсекелестікті арттыру жүзеге асты. 2001 жылдан 2004 жылға дейін мерзімді басылымдар қосымша төлемнен босатылды, ал телевизия және радиокөрсетімдерінің өнімдерінің салығына нөлдік мөлшерлеме теңестірілді. Соңғы бесжылдықта радиожиліктерді қолдануға арнаған төлемдер көлемі азайды, ал 2002 жылы жылдық төлем мүлдем алынып тасталды. Қазір лицензия-компаниялар тек радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат үшін ғана төлейді.

Телевизиялық және радиохабар тарату жиілігін алу жұмысында ашықтық таныту мақсатында радиожилікті пайдалануға құқық беру конкурсының комиссиясына парламент, халықаралық және қазақстандық қоғамдық бірлестіктер ұсынылған. Осы арқылы комиссия жұмысы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен таратылып, ақпарат айдынының дамуына жағымды әсер етеді. Қазақстандағы ұлттық БАҚ нарығы экономика ережелерін ұстана отырып, тауар нарығының бір бөлігіне айналып барады.

Елде алпауыт БАҚ-тардың, ақпараттық медиахолдингтердің болуы, әлеуметтік-экономикалық және демократиялық қайта құрудың жемісі болып табылады. Қазақстан Конституциясында сөз және шығармашылық бостандығына кепілдік беріледі, цензураға тыйым салынған және заңмен шектелмеген кез келген жол арқылы ақпаратты алуға және таратуға рұқсат береді. Сонымен бірге,

халықаралық тәжірибе көрсеткендей шектеулер де болып тұрады. ҚР Конституциясының 20 бабының 3-тармағында көрсетілгендей республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді. Бұл жолдар «ҚР БАҚ туралы Заңының» 2 бабында да көрсетілген.

Қазақстанда өткен жылдары болған қайта құрулар нәтижесінде 80% БАҚ мемлекеттік емес болып саналады. Либерализация мен нарықтық реформалар массмедияның сандық және сапалық өсуіне алып келді. БАҚ дамуында Қазақстан Орта Азия және Кавказ күнгейіндегі көптеген елдерді басып озды. Медиа инфрастрктураның дамуына Қазақстанда жыл сайын БАҚ саласының беделді өкілдерінің және жақын, алыс шетелдердегі қоғамдық тұлғалардың басым көпшілігі жиналатын Еуразиялық медиафорум дәлел бола алады.

Қазір Қазақстанда 8248 БАҚ тіркелген, (белсенді жұмыс істейтіні 2513) 212 электронды бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс жасайды, ел ішінде 2392 шет мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат таратады және kz. доменінде 9000-нан аса тіркелуші бар. Елде өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың 11 тілінде газеттер мен журналдар, теле және радио бағдарламалар таратылады. Қазақ және орыс тілдерінен басқа украин, поляк, неміс, корей, ұйғыр, түрік, дүнген және басқа да тілдерде БАҚ шығарылады. Ұлыс өкілдерінің БАҚ-на мемлекет жәрдемдеседі. Бұл тілдер мен шығарылымдар жергілікті БАҚ-тың дамуына әсер етеді.

Қазақстандағы басылымдардың саны екі мыңға жуық, олардың 85%-ы мемлекеттік емес. Солардың бірі- қазақстандық басылымдардың ішінде соңғы он жылдан бері көш бастап келе жатқан – «Караван» газеті. Аймақтық қосымшалармен бірге санағанда жалпы таралымы – 500 000. Газет орыс тілінде жарық көреді. Қоғамдық-саяси басылым. Бұл жерде тек ең қымбат деген жарнамалар ғана жарияланады.

Айтулы газеттердің қатарына 250 000 тиражбен шығатын «Время» газетін де жатқызамыз. Ол да орыс тілінде жарық көретін қоғамдық-саяси басылым.

Келесі орыс тілінде жарық көретін үкіметтік «Казахстанская правда» газеті 100 000 тиражбен таратылады.

Қазақ тілді мемлекеттік «Егемен Қазақстан» газетінің таралымы 140 000 дананы құрайды. «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттері жаңа заңдардың, үкіметтік қаулылардың, ҚР Президенті жарлықтарының ресми жариялаушысы болып табылады.

Интернет және кабельді телевизия да тұрақты дамып келеді. Заманауи ақпараттық технологиялар Қазақстан БАҚ кеңістігінде кеңінен қолданылуда. Ұлттық ТВ және радиостанциялар ұлттық спутниктік жүйе арқылы ақпарат таратады. 2002 жылы CaspioNet (оператор Eutelsat) спутниктік арнасы құрылды. Республиканың барлық аймағында кабельдік және спутниктік арналар арқылы ресейлік бағдарламалар, BBC, CNN, Deutsche Welle арналары және «Радио Свобода» радиостанциясы, «Polonia» поляк арнасы, өзге де теле және радиоарналар қызмет көрсетеді. ҚР Сыртқы Істер министрлігінде 20 елдің шетелдік БАҚ-нан, «РИА Новости», BBC, Associated Press, France Press, Reuters, ИТАР-ТАСС, Интерфакс сияқты ірі агенттіктерден 150-ден астам БАҚ өкілдері аккредитацияланған.

Елде журналистер құқығын қорғайтын Қазақстан журналистер конгресі, Қазақстан журналистер Одағы, Қазақстан телерадиохабар тарату Ассоциациясы, ОБСЕ, Адам құқығы жөніндегі Халықаралық бюро, Internews Network, «Әділ сөз» және т.б. халықаралық ұйымдардың өкілдіктері жұмыс істейді. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде адам құқықтары жөнінде хабар таратуға 60 республикалық баспасөз, «Казинформ» ақпарат агенттігі, «Қазақстан», «Хабар», «31 арна», «Эра ТВ», СТВ телеарнасы тартылған. Мемлекеттік тапсырыс жасау кезінде төмендегідей тақырыптық бағыттар қарастырылады: құқықтық насихат мәселелерін көтеру, «Қазақстан 2030» стратегиясының тиімді нәтижелері мен олардың іске асуының көрінісі. 2010 жылы аталған тақырыптық бағыттың жалпы көлемі «Хабар» мен «Қазақстан» телеарналарында 1110 сағатты құраса, Қазақстан радиоларында 720, ал Каспионет жүйесі бойынша 830 сағатты құраған.

Адам құқығына байланысты объективті және мақсатты жағдайлар: «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Айқын», «Литер», «Экспресс К», «Заң газеті», «Юридическая газета», «Московский комсомолец в Казахстане» және т.б. жалпыұлттық басылымдар мен «Мемлекет», «Құқықтық реформа қадамдары», «Адам және заң», «Парламент», «Актуально», «Ситуация», «Под напряжением», «Закон и право», «Право человека», «Необходимо знать», «Внимание» жалпыұлттық газеттер мен мемлекетке бағынбайтын БАҚ-тарда көрініс табады.

Сонымен қатар, аталмыш тақырып аясы мемлекеттік тапсырысты орындайтын алдыңғы қатарлы республикалық телеарналардың интерактивті, ақпараттық-сараптамалық бағдарламаларында кеңінен көрініс табады. Осы орайда «Хабар» телеарнасындағы «Жеті күн» (Семь дней), «Бетпе-бет» (Тет-а-

тет); «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «Айна апта» (Итоги недели), «Назар» (Внимание); «31 арна» телеарнасындағы «Қазақстан», «Собственное мнение», «Центр внимания»; СТВ телеарнасындағы «Панорама недели» (Апта айнасы); «Астана» телеарнасындағы «Большой рейтинг» бағдарламаларын ерекше атап өту керек. Сондай-ақ, қазіргі таңда БАҚ қызметінің ең қолайлы моделін сөз бостандығы мен тәуелсіздік негізінде жасау мақсатында, түрлі қоғамдық бірлестіктермен, ассоциациялармен, халықаралық ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы жөніндегі қоғамдық зерттеу институттармен мақсатты өзара ықпалдастық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бүгінде Қазақстанда еркін ақпарат нарығының негізгі элементтері бар деп анық айта аламыз. Мысалға алсақ, қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттік емес БАҚ, тақырып аясының айтарлықтай саралануы, ірі медиакомпаниялардың құрылуы мен жұмыс істеуі. 218 басылым қоғамдық ұйымдарға, ал тағы 17-сі діни ұйымдарға тиесілі екен. Мемлекеттік емес БАҚ-тың айтарлықтай үлесін (48%) ЖШС иеленеді.

ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңы 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, кейін БАҚ саласындағы коммерциялық емес ұйымдардың ұсынысымен бірнеше мәрте түзетулер мен өзгертулер енгізілген, соңғысы 2009 ж. өзгертілді (енді интернет-ресурстарды бұқаралық ақпарат құралдары деп жариялауға қатысты). Бүгінде парламентке «Телерадиохабар тарату туралы» заң жобасы енгізілген, ол заң қабылданғаннан кейін, «БАҚ» туралы заңға тағы да өзгерістер енуі мүмкін.

Қазақстан медиакеністігінің заманауи халықаралық стандарттарға сай жұмыс атқаруын қамтамасыз ету үшін республикада ақпараттық кеңістіктің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыратын концепция жасалды. Аталмыш концепция аясында ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымның дамуына ерекше көңіл бөлу керек деп межеленіп отыр. (Жеке спутниктік топтары мен заманауи ақпарат алмасу станцияларын және т.б. құру).

Қазақстанда сандық телевидениеге ену кезеңінде, ұлттық интернет жүйесін дамыту мақсатында белсенді жұмыстар атқарылып жатыр. Жалпы, республика, оның ұйымдары мен азаматтары интернет желісінде айтарлықтай жақсы таныстырылған. Қазақстандық интернет-кеңістіктің мағынасын білдіретін «Казнет» деген ұғым да бар. Ондағы өмір қызу қайнап жатыр: форумдарда аймақтық немесе бүкілхалықтық масштабтағы мәселелердің талқылануы, блогерлердің күнделіктері мен видеороликтері, қоғамдық және мәдени салада болып жатқан жаңалықтар жайында өзара пікір алмасып, әсерімен бөлісу. Осылайша, әлеуметтік желілер арқылы ойы бір жерден шығатын азаматтар бірін-бірі тауып, виртуалды форумдарда ортақ пікір алмасулары болып жатады.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, Орта Азия аймағы елдерінің ішінде Қазақстанның ақпарат нарығы қарқынды дамып келе жатыр. БАҚ-тың шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ететін механизмдер жұмыс жасау үстінде. Қазақстан ақпарат таратудағы БАҚ-тың сөз бостандығын теңестіру және олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ететін механизмді ойластырып жатыр. Келесі кезекте БАҚ-тың демократиялық қызметін бақылау тетіктерін бекіту сұрақтары жөніндегі мәселелер тұр.

Өзбекова Г.С.,
ф.ғ.д., доцент

ҒАҒУ ҚАЙЫРБЕКОВТЫҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАСЫ

Ғағу Қайырбеков 1928 жылы 15 тамызда Қостанай облысы, Торғай қаласында туған. Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген (1952). Қазақ мемлекеттік баспасында поэзия редакциясын басқарды, "Қазақ әдебиеті" газеті бас редакторының орынбасары, "Жазушы" баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі болды. 1968-1973жж. Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясында жетекшілік етті. 1973-1989жж. "Жұлдыз" журналы бас редакторының орынбасары қызметін атқарды. Өмірінің соңына дейін Қазақстан Жазушылар одағының ақындар қауымдастығының президенті болды. 1954 жылы оның "Құрдастар" атты тырнақалды жинағы жарық көрді. Содан бері қырықтан астам кітабы шықты. "Дала қоңырауы" (1956) поэмасы, "Жер астындағы жұлдыздар" (1965), "Қанатты жылдар" (1973) сияқты жинақтарын, "Беласар" атты қос томдығын оқырман қауым ілтипатпен қабылдады. "Жұлдызды тағдырлар" атты өлеңдер жинағы үшін ақынға 1980 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Оның қаламынан "Елтіңжал", "Ақ желкен", "Үш киян" повестері, көптеген мақала, очерктер туған. Рудакидің, Байронның, Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың, Шевченконың, Мақтымқұлының, Л.Толстойдың, Куприннің, Короленконың, Буниннің, Есениннің, Ғамзатовтың және басқа да сөз зергерлерінің туындыларын аударды. Көптеген әндердің өлеңін жазған.

Қазақстанның Халық жазушысы (1992). Халықтар Достығы орденімен, "Еңбектегі ерлігі үшін"

МАЗМУНЫ

Медеубекұлы С. ЗАМАНСӨЗ, ШЕШЕНСӨЗ ЖӘНЕ КӨСЕМСӨЗ	3
Сұлтанбаева Г.С. ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ШЕЖІРЕШІ-ЖАРШЫСЫ	9
Барлыбаева С.Х. РОЛЬ ТРК КАЗНУ ИМ.М.К. БАРМАНКУЛОВА В ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ МЕДИАРЫНКА	11
Нуриден Р. ТҮРКІНІҢ ТЕКТІ ҰЛЫ	14
Шыңғысова Н.Т. ҒАЛЫМ М. БАРМАНҚҰЛОВ: КЕЛЕЛІ ПІКІРЛЕР МЕН КЕЛІСТІ ОЙЛАР	15
Өзбекова Г.С. МАРАТ БАРМАНҚҰЛОВ – ҰМЫТЫЛМАС ТҰЛҒА	16
Кенжегулова Н.С. ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ ДЛЯ МЕДИАРЫНКА СТРАНЫ	17
Бекболатұлы Ж. Ғ. ҚАЙЫРБЕКОВ пен М. БАРМАНҚҰЛОВТЫҢ БАБАЛАРЫ МЕРГЕН БАТЫР ХАҚЫНДА	19
Қозыбаев С., Қабылғазина К., Айтбаева Б. ҚАЗАҚСТАН МАСС-МЕДИА ИНФРАСТРУКТУРАСЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ	23
Өзбекова Г.С., ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВТЫҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАСЫ	25
Альжанова А.Б. МОНЕТИЗАЦИЯ КОНТЕНТА В ЭЛЕКТРОННЫХ МЕДИА (ИЗ «ПОСОБИЯ ПО ЖУРНАЛИСТИКЕ ДАННЫХ». МНЕНИЯ ЭКСПЕРТОВ И СПЕЦИАЛИСТОВ О ПЕРСПЕКТИВЕ ЖУРНАЛИСТИКИ ДАННЫХ)	27
Мысаева Қ.Н., ОНЛАЙН АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ	28
Нода Л.П. ТРАНСФОРМАЦИИ СОВРЕМЕННЫХ МЕДИАПРОЦЕССОВ	30
Есхуатова Н.Б. МОНИТОРИНГ НЕКОТОРЫХ ЭЛЕКТРОННЫХ ИЗДАНИЙ В ИНТЕРНЕТ- ПРОСТРАНСТВЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОПАГАНДИСТКОЙ ИНФОРМАЦИИ	32
Муминова Ф.И. СМИ КАК ПОЛИТИЧЕСКИЙ ИНСТРУМЕНТ	34
Величенко С.Н. ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В МЕДИАОБРАЗОВАНИИ: ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ	35
Ошанова О.Ж. ЕЛМІЗДЕГІ ЖУРНАЛИСТ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУ ЖӘНЕ САҚТАЛУ ДЕҢГЕЙІ	38
Негизбаева М.О. КОРПОРАТИВНЫЕ КОММУНИКАЦИИ	41
Ложникова О.П. РОЛЬ ПРОДЮСЕРА НА КАЗАХСТАНСКИХ ТЕЛЕКАНАЛАХ	43
Губашева Д.Т. РАЗВИТИЕ НАУЧНОЙ КОММУНИКАЦИИ ЧЕРЕЗ ИНТЕРНЕТ	45
Муканова Г.К. ДИПЛОМАТИЯ И ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА В КОНТЕНТЕ TV КАЗАХСТАНА	48
Мондыбаева А.Б. ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: СПЕЦИФИКА ПОДГОТОВКИ ТЕЛЕВИЗИОННЫХ ЖУРНАЛИСТОВ В МИРЕ	52
Елеуова А.А. ПОЛЬЗОВАТЕЛЬСКИЙ КОНТЕНТ КАК ВЕЯНИЕ СОВРЕМЕННОЙ МЕДИАИНДУСТРИИ	55
Мысаева Қ.Н. САНДЫҚ ҒАСЫРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЖУРНАЛИСТИКА ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ	58
Калтаева А.Е., Ложникова О. П. МЕДИАХОЛДИНГ «РБК» КАК ОБРАЗЕЦ ДЕЛОВОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ	61
Абилбакиева Ғ.Т. БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДЫ ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ЖЕТІЛДІРУ	62
Әлімжанова А.Б. ИНТЕРНЕТ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ВЕБ-РЕДАКЦИЯ ҚЫЗМЕТІ	66
Молдабекова А.Т. ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ НАУКОЕМКОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ	69
Әліқожаев Б. КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ТАРИХИ Оқиғаларды қанықтыру ПАЛИТРАСЫ	73
Сарқыт Ә.М. ҒАФУ СҮЙГЕН КЕРБЕЗ ҚЫЗ	77
Саленова Ш. ҒАФУ КАИРБЕКОВ (1928-1994): ОТ «БАЛА-ЖЫРАУ» ДО ПЕРЕВОДЧИКА ШЕДЕВРОВ МИРОВОЙ КЛАССИКИ	80
Байзулина А. МЕДИАПРОСТРАНСТВО ЕВРАЗИЙСКОГО СОЮЗА: ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ	85
Смақов Д. АУДИОКІТАПТАРДЫҢ ТАРИХИ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН БІЗГЕ БЕЙМӘЛІМ ТҰСТАРЫ	87
Себетқызы Ж. ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ФОРМУЛАСЫ	94
Токжанова Н. ИНТЕРНЕТ ЖУРНАЛИСТИКАҒА БІР ҚАДАМ	96